

ЕРІКТІ ТИТУЛДЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. Осы ерікті титулдық сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) «АСКО» СК» АҚ-ның (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) ерікті титулдық сақтандыру шарттарын құру тәртібін және олар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шарттарын анықтайтын ішкі құжаты болып табылады. Ерікті титулдық сақтандыру шарттары (әрі қарай – сақтандыру Шарты) қабілетті азаматтармен (ҚР азаматтарымен, шетел азаматтарымен, азаматтығы жоқ тұлғалармен), жеке кәсіпкерлермен немесе осы мүлікке меншік құқығын иеленетін заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) құрылады.

1.2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

Сақтандыру тәуекелі - мүлікке меншік құқығы тоқтатылған жағдайда Сақтанушының мүліктік мүдделеріне келтірілген залалдың ықтимал туындауы.

Сақтандыру жағдайы – сақтандыру Шарты басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

Сақтандыру сыйақысы – Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру Шартында анықталған мөлшерде сақтандыру төлемін (Пайда алушыға) жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушы төлейтін ақша сомасы.

Пайда алушы – сақтандыру Шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Заңды тұлғалар да, азаматтар да Пайда алушылар бола алады.

Мәміле жасау нәтижесі – Сақтанушының мүлікке меншік құқығын тіркеуі.

Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын жоғалту – сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша Сақтанушының жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тоқтатуы.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.

2.1. Осы Ережелерге сәйкес жылжымайтын мүлікке (тұрғын үйлер, пәтерлер, тұрғын үйдің бір бөлігі немесе пәтердің бір бөлігі және т.б.) меншік құқығын тоқтатуға байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтандыруға қабылданбайды:

2.2.1. Ақшалар (оның ішінде шетел валютасы) және бағалы қағаздар.

2.2.2. Қолжазбалар, сызбалар және өзге де құжаттар, компьютерлік жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдағыштары, слайдтар, фотосуреттер, аудио- және бейнежазбалар.

2.2.3. Бағалы металдар мен тастар.

2.2.4. Суреттер, пошта маркалары, антикварлық заттар және т.б., олардан жинақтар.

2.2.5. Діни ғибадат заттары.

2.2.6. Үй жануарлары, құстар, бөлме өсімдіктері, аң терілері, басқа да жануарлар.

2.2.7. Көлік құралдарының қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтары.

2.3. Меншік құқығын иемденудің негіздемелері заң осы құқықтың туындауын байланыстыратын заңды деректер болып табылады. Меншік иесі бар мүлікке меншік құқығын басқа тұлға сатып алу-сату шарты, айырбастау немесе осы мүлікті иеліктен шығару туралы өзге де мәміле негізінде сатып

алады. Мемлекеттік тіркеуге жататын ғимараттарға, құрылымдарға және басқа да құрылатын жылжымайтын мүлікке меншік құқығы осындай тіркелген кезден бастап туындайды.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.

3.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру сыйақысы мен сақтандыру төлемінің мөлшері белгіленетін ақша сомасы.

3.2. Сақтандыру сомасы сақтандыру Шартын құру кезінде орналасқан жеріндегі сақтандыру нысанының нарықтық құнынан аспауы тиіс. Сақтандыру Сақтанушыны негізсіз байыту көзі болмауы тиіс.

3.3. Сақтандыру нысанының нарықтық құны тозуды шегергендегі сол пайдалану-техникалық күйдегі осы жердегі ұқсас нысанның құрылысының құнына немесе оны осы жердегі сатып алу құнына (нарықтық құнына) негізделе отырып, анықталады.

3.4. Сақтандыру Шартын құрғанға дейін сақтандыру тәуекелін бағалау құқығын пайдаланбаған Сақтандырушыны Сақтанушы осы құнға қатысты әдейі адастырған жағдайды қоспағанда сақтандыру нысанының нарықтық құнына кейіннен дау айтуға болмайды.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ.

4.1. Келесілердің нәтижесінде Сақтанушының жылжымайтын мүлікке меншік құқығын жоғалтуы сақтандыру жағдайы болып табылады:

4.1.1. ҚР қолданыстағы заңнама бойынша өздігінен жасауға құқығы бар мәмілелерден басқа ата-аналардың (асырап алушылардың) немесе қамқоршылардың келісімінсіз он төрт жасқа толған кәмелеттік жасқа келмегендердің мәміле жасауы;

4.1.2. мәміле жасалғаннан кейін оған меншік құқығы бар шартта көрсетілмеген тұлғалардың пайда болуы: заң немесе өсиет бойынша есепке алынбаған мұрагерлер, бас бостандығынан айыру орындарындағы әскерде қызмет ететін асырауындағы адамдар, қарттар мен кәмелетке толмаған азаматтар;

4.1.3. тұрғын үй иесі қайтыс болған жағдайда сенімхат бойынша жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару;

4.1.4. сенімхат берген мүліктің меншік иесі қайтыс болғаннан кейін сенімхат негізінде жылжымайтын мүлікті сату;

4.1.5. алдаудың, зорлық-зомбылықтың, бір тарап өкілінің екінші тараптан қауіп-қатер немесе ауыр мән-жайлардың жиынтығының әсерінен мәміле жасау.

Алдау — тұлғаның мәміле жасау үшін одан талап етілген адалдықпен хабарлауы тиіс болған мән-жайлар туралы қасақана үндемеуі.

Зорлық-зомбылық — мәміле қатысушысына немесе оның жақын тұлғаларына мәмілені жасауға мәжбүрлеу мақсатында физикалық немесе рухани азап келтіру.

Қауіп-қатер — егер ол мәміле жасамаса, оған немесе оның жақындарына физикалық немесе ақылақтық зиян келтіру туралы өтініштер арқылы тұлғаның еркіне психикалық әсер ету;

4.1.6. рухани дерт немесе ақыл-есі кем болудың салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғаның мәміле жасауы;

4.1.7. әрекетке қабілеттілігі сотпен шектелген тұлғаның мәміле жасауы;

4.1.8. іс-әрекетке қабілетті болса да, бірақ ол өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмаған немесе оларға басшылық ете алмаған жағдайда оны жасаған сәтте болған азаматтың мәміле жасауы;

4.1.9. мәміле жасауға өкілеттігі жеткіліксіз тұлғаның мәміле жасауы;

4.1.10. ерлі-зайыптылардың бірлескен мүлкімен олардың біреуінің келісімінсіз мәміле жасауы;

4.1.11. мәміле жасалғаннан кейін мүлікке меншік құқығы бар сақтандыру Шартында көрсетілмеген тұлғаларды, атап айтқанда: заң немесе өсиет бойынша есепке алынбаған мұрагерлерді, бас бостандығынан айыру орындарындағы әскерде қызмет ететін асырауындағы адамдарды, қарттар мен кәмелетке толмаған азаматтарды анықтау;

4.1.12. меншік құқығымен сатушыға тиесілі емес жылжымайтын мүлікті сату;

4.1.13. жалған құжаттар жасау;

4.1.14. заңды тұлға – мүлік сатушы өзінің қызметінің мақсаттарына қайшы не оның органының құзыретін бұза отырып мәміле жасасуы.

4.2. Келесі шарттар кезінде оқиға сақтандыру деп танылады:

4.2.1. негіздемелер, сақтандыру шарттарында көзделген алып тастаулардың ешқайсысына жатпайды;

4.2.2. сақтандыру жағдайының басталуына себеп болған мән-жайлар сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде белгілі болды;

4.2.3. мәмілені жарамсыз деп тану туралы соттың шешімі заң күшіне енді;

4.3. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада ҚР АҚ 817-бабының 1,3-тармақтарында көрсетілген белгілер болуы тиіс. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу Сақтанушыға (Пайда алушыға, Сақтандырылушыға) жүктеледі.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.

5.1. Сақтандыру қорғанысының қолданылуы мына жағдайларда қолданылмайды:

5.1.1. зиянды келісім, яғни жағымсыз салдар туғызу не қандай да бір пайда алу мақсатындағы қасақана келісім (Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының келісімдері);

5.1.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын бұзуы нәтижесінде келтірілген залал;

5.1.3. Сақтанушының (Пайда алушының) жылжымайтын мүлікті басқа тұлғаларға иеліктен шығаруы;

5.1.4. Сақтанушының (Пайда алушының) жылжымайтын мүлікке меншік құқығынан бас тартуы;

5.1.5. Сақтанушының сақтандыру Шартында көрсетілген жылжымайтын мүлкінің бүлінуі немесе жойылуы;

5.1.6. Сақтанушы сатып алған сәтте ауыртпалықта болған немесе онымен мәмілелер жасауда шектеулер болған жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару;

5.1.7. жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесін оны жасау нәтижесінде жарамсыз деп тану:

- оған сәйкес келетін құқықтық салдарларды тудыру ниетінің болмауы (жалған мәміле);
- басқа мәмілені жасыру мақсатында (бүркеме мәміле).

5.2. Егер Сақтанушының жылжымайтын мүлікіне меншік құқығының жоғалуы төмендегілердің салдарынан болса, сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

5.2.1. жерді тұрғын үй құрылысы үшін арналмаған санатқа жатқызуға байланысты жеке меншікке беруге тыйым салынған жылжымайтын мүлікті сату салдарынан;

5.2.2. жер учаскесіне өздігінен құрылыс салуға байланысты;

5.2.3. Сақтанушының төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы, оның шарттық немесе кепілдік міндеттемелерін бұзуы, меншік құқықтарының шектеулі себебінен;

5.2.4. Сақтанушының тұрғын үй-жайда тіркелгендердің болуынан, сондай-ақ бұрынғы тұрғындардың тұрғын үй-жайды босатпауынан туындаған өзінің меншік иесі құқықтарын еркін жүзеге асыруындағы шектелуіне, жоғалуына немесе өзге де кедергілерге байланысты;

5.2.5. сақтандыру Шартының қолданылуы басталған күні Сақтанушы білген немесе білуге тиіс, бірақ бұл туралы Сақтандырушыға хабарламаған факторға, мән-жайға байланысты;

5.2.6. Сақтанушыға қандай да бір тұлғалардың немесе ұйымдардың талап-арыздары салдарынан:

а) Сақтанушының иелігінде тікелей немесе жанама түрде болады, Сақтанушы бақылайды немесе басқарады;

б) Сақтанушыға иелік етеді, бақылайды немесе басқарады;

в) оларға қатысты Сақтанушы серіктес, кеңесші немесе қызмет етуші болып табылады;

г) оларға қатысты Сақтанушы үлестес тұлға болып табылады.

5.2.7. әскери іс-қимылдар (соғыс жарияланғанына қарамастан), сыртқы жаудың шабуылы, басып кіруі, азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, көтерілістер, бүліктер, наразылық, революция, өкіметті заңсыз тартып алу, әскери төңкерістер, әскери жағдай немесе нәтижесінде әскери жағдайды немесе блокада күйін жариялау және қолдау қамтамасыз етілетін кез келген басқа да оқиғалар салдарынан;

5.2.8. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың, атом қаруын қолданудың салдарынан;

5.2.9. кез келген заңсыз ұйымға байланысты тұлғадан әрекет ететін бір немесе бірнеше тұлғаның арам ниетпен жасаған кез келген заңсыз, себепсіз немесе арам ниетті әрекеттер салдарынан. «Заңсыз ұйым» термині террористік қызметпен айналысатын ұйым деп түсініледі, тиісті кезеңде және сақтандыру Шартының қолданылу аумағында заңнан тыс жарияланған ұйымдарға қолданылады;

5.2.10. Сақтанушының міндеттемелері бойынша мүліктен өндіріп алу, заңнамалық актілерге байланысты Сақтанушыға тиесілі бола алмайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару, мемлекет мұқтажы үшін өзі тұрған жер телімін алып қоюға байланысты жылжымайтын мүлікті тәркілеу, ревизициялау, ұлттандыру, иеліктен шығару, иесіз ұсталған мәдени немесе тарихи құндылықтарды сатып алу, кез келген билік және басқару органдарының өкімі бойынша тыйым салу немесе жою салдарынан;

5.2.11. мемлекеттік, үкіметтік органдардың көрсетілуіне, ұйғарымына, талабына немесе әрекетіне, заңнамалық ұйымдардың, жарлықтардың, актілердің немесе меншік құқығын тоқтататын өзге де нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануына байланысты;

5.2.12. жылжымайтын мүлікті пайдалану, оларға тұлғалардың шаруашылықсыз жүгінуі, оны мақсатсыз пайдалану ережелерін бұзуға, қолданыстағы заңнаманы бұзуға байланысты.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРЫНЫ.

6.1. Сақтандыру Шарты кез келген мерзімге құрылуы мүмкін.

6.2. Сақтандыру Шарты, егер оның күшіне енуінің өзге де тәртібі көзделмесе, сақтандыру сыйақысы немесе оның бірінші жарнасы төленген күннен бастап күшіне енеді.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ.

7.1. Сақтандыру шартын құру үшін белгіленген нысан бойынша Сақтанушының жазбаша өтініші негіз болып табылады, онда сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар барлық белгілі мән-жайларды қамтуы тиіс. Өтініш сақтандыру Шартының ажыратылмас бөлігі болып табылады.

7.2. Сақтандырушының өтінішінде және қосымша жазбаша сұрауларына жауаптарда көрсетілген деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Сақтанушы жауапты болады.

7.3. Сақтандырушы Сақтанушыдан меншік құқығын, ауыртпалықтардың жоқтығын растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы, атап айтқанда:

- сақтандыру нысанына құқық белгілейтін құжаттар (Шарт, сот шешімі, тиісті органның өкімі және т.б.);

- сақтандыру нысанының техникалық және пайдалану жағдайы туралы құжаттар;

- тыйым салудың, кепіл құқығының және мүліктің өзге де ауыртпалықтарының болуы туралы мәліметтер;

- мүлік салығын төлеу, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша берешектердің жоқтығы туралы құжаттар;

- Сақтандырушының қалауы бойынша кез келген басқа да құжаттар.

7.4. Сақтандыру Шарты тек жазбаша нысанда құрылады.

7.5. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру Шартына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар, өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

9.1. Сақтанушы құқылы:

9.1.1. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

8.1.2. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы Сақтандырушының шешіміне дау айтуға;

9.1.3. Сақтандырушымен өзара келісім бойынша сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуге;

9.1.4. сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуға.

9.2. Сақтанушы міндетті:

9.2.1. Сақтандырушыға басқа да сақтандыру компанияларымен құрылған сақтандыру Шарттары туралы хабарлауға;

9.2.2. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) ықтимал залалдардың мөлшерлерін анықтау үшін елеулі маңызы бар барлық өзіне белгілі мән-жайлар туралы жазбаша түрде хабарлауға, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз және белгілі болмауы тиіс болса. Сақтандыру Шартында немесе Сақтандыру Шартын құру кезеңінде Сақтанушыға жіберілген Сақтандырушының жазбаша сұрау салуында нақты айтылған мән-жайлар елеулі деп танылады.

Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға оны құру кезінде хабарланған маңызды мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу (тәулік ішінде) хабарлауға;

9.2.3. сақтандыру сыйақысын сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;

9.2.4. сақтандыру жағдайы басталған кезде Ережелердің 10-бөлімшесінде көзделген тәртіппен әрекет етуге;

9.2.5. сақтандыру Шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге;

9.2.6. тиісті құзыретті органдарға болған оқиға туралы дереу хабарлауға және болған оқиғаның құжаттамалық рәсімделуін қамтамасыз етуге;

9.2.7. сақтандыру жағдайынан залалдар мен шығындарды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;

9.2.8. залал келтіру (тергеу, сотқа шақыру) дерегі бойынша құзыретті органдар ісінің басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

9.2.9. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының дерегін растайтын құжаттарды ұсынуға және Сақтандырушының зиян келтірген кінәлі тұлғаларға талап ету құқығын жүзеге асыру үшін барлық шараларды қабылдауға;

9.2.10. Сақтандырушының өкіліне жылжымайтын мүлікті кедергісіз қарау мүмкіндігін және Сақтанушының осы мүлікке меншік құқығын және (немесе) меншігінен айырылу дерегін растайтын құжаттармен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

9.2.11. Сақтандырушыға үшінші тұлғалардың өтемақы алудың, мүлікке меншік құқығын қайтарудың немесе қалпына келтірудің барлық жағдайлары туралы хабарлауға;

9.2.12. сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізу, оқиға орнына сарапшылардың баруы, мамандарды тарту және кеңес беру, қажетті құжаттарды жинау және т.б. бойынша шығындарды көтеруге;

9.2.13. Сақтандырушы талап ететін ақылға қонымды мерзімдер ішінде істің мән-жайын анықтауға қандай да бір тәсілмен әсер етуі мүмкін барлық жазбаларды, құжаттарды, жабдықтарды, құрылғыларды немесе заттарды өзгеріссіз және түзетілмеген күйде сақтауға;

9.2.14. егер Сақтандырушы Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өзінің уәкілетті тұлғаларын тағайындауды қажет деп тапқан жағдайда Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат пен өзге де қажетті құжаттарды беруге;

9.2.15. Сақтандырушыға үшінші тұлғаларға талап ету құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге, Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға, ал егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру өтемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады.

9.3. Сақтандырушы құқылы:

9.3.1. сақтандыру мерзімі ішінде сақтандыру шарттары өзгерген-өзгермегеніне қарамастан Сақтанушы өзіне хабарлаған сақтандырылатын тәуекелі туралы мәліметтердің нақты мән-жайларға сәйкестігін тексеруге;

- 9.3.2. сақтандырылған тәуекел дәрежесі жоғарылаған немесе оның көлемі ұлғайған жағдайда Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының мөлшерін арттыруды қоса алғанда сақтандыру Шартын өзгертуді немесе толықтыруды ұсынуға. Мұндай өзгерістердің келісіміне қол жеткізілмеген жағдайда Тараптар бұзу бастамашысынан жазбаша хабарлама алғаннан кейін сақтандыру Шартын бұзуға құқылы;
- 9.3.3. қажет болған кезде сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы құзыретті органдарға сұрау салу жіберуге. Егер құзыретті органдарда Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз беретін материалдар болған жағдайда барлық мән-жайлар анықтағанға дейін төлемді кейінге қалдыруға;
- 9.3.4. тәуекел дәрежесінің ұлғаюына және сақтандыру сыйақысының мөлшеріне әсер етуі мүмкін ақпараттың қасақана бұрмалануы анықталған жағдайда сақтандыру Шартын бұзуға;
- 9.3.5. Сақтанушы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған жағдайда сақтандыру Шартын жарамсыз деп тануды және ҚР АҚ-де көзделген жарамсыздық салдарларын қолдануды талап етуге;
- 9.3.6. Сақтанушыдан сақтандыру Шартын құру кезінде немесе сақтандыру жағдайының басталуы кезінде қажетті құжаттарды сұратуға;
- 9.3.7. сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттардың дұрыстығын тексеруге;
- 9.3.8. Келтірілген залалдың мөлшерін анықтау мақсатында қосымша тергеу жүргізуге. Осыған байланысты тергеу материалдарын, мемлекеттік органдардың құжаттарын, жоғалған (бүлінген, жойылған) мүліктің құны, жүргізілген жұмыстардың, келтірілген шығындардың құны туралы бағалауға мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды талап етуге құқылы;
- 9.3.9. жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаларға кері талап қою құқығын ұсынуға;
- 9.3.10. ҚР қолданыстағы заңнамасында және сақтандыру Шартының талаптарында көзделген тәртіппен, мерзімдерде және негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға.

9.4. Сақтандырушы міндетті:

- 9.4.1. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 9.4.2. Сақтанушының өтініші түскен сәттен бастап 48 сағат ішінде (демалыс және мереке күндерін есептемегенде) оқиға (сақтандыру жағдайы) орнын тексеруге;
- 9.4.3. сақтандыру жағдайы танылған кезде сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 9.4.4. Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін өзі жүргізген негізделген, құжатпен расталған шығындарды өтеуге;
- 9.4.5. заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге.

9.5. Келтірілген залал мөлшерін анықтау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсысы өз есебінен өз қызметтеріне ақы төлей отырып сарапшыларды тартуды талап етуге құқылы.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 10.1.1. болған оқиға туралы уәкілетті ұйымдарға дереу хабарлауға және олардан сақтандыру жағдайының дерегін, себебін, орнын және өзге де мән-жайларын (қорытындылар, қаулы, хаттамалар, сараптаамалар, сот шешімі және т.б.) растайтын қажетті құжаттарды алуға;
- 10.1.2. залал мөлшерін азайту және қосымша шығындардың туындауына ықпал ететін себептерді жою үшін шаралар қабылдауға;
- 10.1.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы (сотқа шақыру, талап арыз, қылмыстық іс қозғауға себептер мен негіздердің болуы және т.б. туралы.) өзіне белгілі болған немесе болуға тиіс сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау және оған барлық істің мән-жайларына қатысты құжаттардың көшірмелерін беруге: сақтандыру оқиғасына байланысты алынған ақпаратты, құжаттарды, сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын барлық қатысушылардың аттары,

атаулары мен мекенжайларын ұсыну. Ауызша хабарлама Сақтандырушы хабар алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде жазбаша расталуы тиіс;

10.1.4. Сақтандырушы анықтаған ақылға қонымды мерзімдер ішінде барлық жазбаларды, құжаттарды, жабдықты, құрылғыларды немесе істердің мән-жайларын анықтауға әсер ете алатын заттарды өзгеріссіз және түзетілмеген күйде сақтауға;

10.1.5. Сақтанушы Сақтандырушыға залал келтіру дерегін растайтын қолда бар құжаттарды беруге және Сақтандырушының кері талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті рәсімділікті орындауға міндетті;

10.1.6. сот талқылауына дейін және оның барасында Сақтандырушымен алдын ала келіспей, қандай да бір әрекеттерді жасамауға, сақтандыру нысанына қатысты қаралатын істің мәні бойынша өтініштер жасамауға.

10.2. Сақтандырушы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ете отырып, залалдың себептерін анықтау және мөлшерін белгілеу жөніндегі құзыретті органдар комиссияларының жұмысына қатысуға және Сақтанушыға кеңестік көмек көрсетуге құқылы.

10.3. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы бойынша залалды өтеу туралы сот және соттан тыс талқылауларда барлық мүмкін болатын жәрдем көрсетеді.

10.4. Егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты өзінің де, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін уәкілетті тұлғаны тағайындауды қажет деп тапса, онда соңғысы Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат және басқа да қажетті құжаттарды беруге тиіс.

10.5. Жоғарыда аталған міндеттер Пайда алушыға да жүктеледі, бірақ, егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте оның пайдасына сақтандыру Шартын құру туралы оған белгілі болмаса, онда бұл міндеттерді орындау Сақтанушыға қалады.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ.

11.1. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылады:

11.1.1. Сақтанушыға/Пайда алушыға келтірілген нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру Шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде;

11.1.2. сақтандыру Шартында көзделген франшиза мөлшерін шегергенде. Франшиза деп Сақтандырушыны белгіленген мөлшерден аспайтын сақтандыру төлемінің бір бөлігінен босату түсініледі. Сақтандыру шарттары шартты немесе шартсыз франшизаны көздеуі мүмкін:

- шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшиза сомасынан аспайтын сақтандыру төлемінен босатылады және, егер оның сомасы франшизадан артық болса, залалды толығымен өтейді;

- шартсыз франшиза кезінде сақтандыру төлемі франшиза сомасын шегергенде есептеледі.

11.1.3 Пайда алушының өтініші және Сақтанушының жылжымайтын мүлікке меншік құқығын жоғалтуы туралы соттың күшіне енген шешімі негізінде.

11.2. Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азаяды.

11.3. Егер сақтандыру сомасы мүліктің нарықтық құнынан аз болса, онда сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының мүліктің нарықтық құнына қатысты пропорционалды жүргізіледі.

11.4. Егер сақтандыру сомасы мүліктің нарықтық құнынан көп болса, онда сақтандыру мүліктің нарықтық құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылуы мүмкін. Сақтандыру сомасының мүліктің нарықтық құнына сәйкес келмеу дерегін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде белгілеуі мүмкін.

11.5. Егер сақтандыру сомасы бір объектіні екі немесе бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру (қосарланған сақтандыру) нәтижесінде мүліктің нарықтық құнынан көп болса, онда бұл жағдайда Сақтандырушылардың әрқайсысы төлеуге жататын сақтандыру өтемінің сомасы сақтандыру Шарты бойынша бастапқы сақтандыру сомасының азаюына пропорционалды қысқарады.

11.6. Егер сот шешімі бойынша Сақтанушы меншік құқығынан айырылған жағдайда:

11.6.1. тұтастай алғанда жылжымайтын мүлікке меншік құқығынан айырылса, сақтандыру төлемі франшизаны шегергендегі толық сақтандыру сомасы мөлшерінде жүргізіледі;

11.6.2. жылжымайтын мүліктің бір бөлігіне меншік құқығынан айырылса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін Ереженің 11.3-11.5-т. қағидаларын қолдана отырып, меншік құқығы жоғалған жылжымайтын мүліктің бір бөлігі құнының жылжымайтын мүліктің нарықтық құнына қатысты пропорционалды сақтандыру сомасының үлесі ретінде анықтайды.

11.7. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:

- Сақтанушының сақтандыру жағдайы (оқиғасы) туралы өтініші;
- Сақтандыру Шартының көшірмесі;
- 4.1-т. көрсетілген оқиғалар нәтижесінде Сақтанушының меншік құқығын тоқтату туралы күшіне енген сот шешімінің көшірмесі;
- құқық белгілейтін құжаттар (мұрагерлік құқығы туралы куәлік, сатып алу-сату шарты, сыйға тарту шарты және т.б.);
- жылжымайтын мүліктің техникалық және пайдалану жағдайы туралы құжаттар (экспликация, техникалық төлқұжат және т.б.);
- жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама;
- сақтандыру жағдайының дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын басқа да құжаттар;
- Сақтанушының, Пайда алушының өкілеттілігін растайтын құжаттар;
- Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін талап еткен өзге де құжаттар.

11.8. Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) не олардың өкілдеріне сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайларда жетіспейтін құжаттар туралы ол сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтінішті алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

11.9. Егер тиісті ішкі істер органдары Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қарсы қылмыстық іс қозғалған және залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайларға тергеу жүргізген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар. Сақтандыру төлемі тергеу аяқталғанға дейін жүзеге асырылмайды.

11.10. Сақтандырушы Пайда алушыға келтірілген залал сомасының шегінде заттай нысанда сақтандыру төлемін жүргізуді ұсынуға құқылы.

11.11. Егер төлемді өзге тұлға жүргізген жағдайда, сақтандыру төлемі өтемді жүзеге асырған тұлғаға жүзеге асырылады.

11.12. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайларына байланысты бұрын төленген сомаларды шегергенде барлық қажетті құжаттарды алған сәттен бастап 15 банктік күн ішінде жүзеге асырылады. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру Шартында анықталған сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.

11.13. Егер ҚР заңнамасында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімдері ішінде заң бойынша Пайда алушыны сақтандыру өтеміне құқығынан толық немесе жартылай айыратын мән-жай анықталса, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) алынған сақтандыру өтемін (немесе оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

11.14. Сақтандыру төлемі келесі жағдайларда төленбейді:

11.14.1. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

11.14.2. Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған әрекеттері.

11.14.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

- 11.14.4. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы (ҚР АҚ [829-бабы](#));
- 11.14.5. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және ол келтірген шығын мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 11.14.6. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау (ҚР АҚ [835-бабы](#));
- 11.14.7. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тарту (ҚР АҚ [840-бабы](#)). Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе жартылай қайтаруды талап етуге құқылы;
- 11.14.8. Сақтанушы (Пайда алушы) залалдың келтірілуіне кінәлі тұлғадан оны қайтарып алған жағдайда;
- 11.14.9. егер Сақтанушы сақтандыру Шарты бойынша талаптарды бұзса. Сақтандыру Шартының талаптарын, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасының ережелерін сақтамау сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға әкеп соғады. Бұл жағдайда Пайда алушыға келтірілген залалды өтеу үшін жауапкершілік ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен тікелей Сақтанушыға жүктеледі;
- 11.14.10. егер Сақтанушы қылмыстық заңнамада көзделген тәртіппен мүлікке қасақана залал келтіргені үшін немесе себептері мен мөлшерін, залалын анықтау кезінде жалғандық, алдау немесе алаяқтық жасағаны үшін сотталса, мұндай үкім күшіне енгеннен кейін Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүргізу міндетінен босату түпкілікті болып саналады;
- 11.14.11. егер Сақтанушы шығынның туындауына, оның ішінде сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғатын әрекеттерді қасақана немесе өрескел абайсыздықпен жасаса немесе оған жол берсе немесе шығынның себептерін немесе мөлшерін анықтау кезінде Сақтандырушыны немесе оның өкілдерін қасақана жаңылыстырса, Сақтандырушы осы залал бойынша сақтандыру төлемін жүргізу міндетінен толығымен босатылады. «Өрескел абайсыздық» деп Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғатын оқиғалардың мүмкіндігін болжауға және алдын алуға жеткілікті ықтималдығы болған осындай мән-жайлар кезінде жасалған Сақтанушының әрекеттері түсініледі;
- 11.14.12. Сақтанушының/Пайда алушының жіберілген пайдасын, жоғалтуларын (айыппұлдарын, тұрақсыздық айыбын), моральдық зиянды, сотта жәбірленушінің талап арыздарын беруге және қарауға байланысты шығындарды.
- 11.15. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартқан кезде бұл туралы Сақтанушыға Ережелерде көзделген құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 15 банктік күн ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.**
- 11.16. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сотта шағым жасай алады.
- 11.17. Бірнеше Сақтандырушыларда сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы оынмен құрылған сақтандыру Шарты шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушының (Пайда алушының) барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.
- 11.18. Келтірілген залалды басқа тұлғалар өтеген жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы мен басқа тұлғалар өтейтін сома арасындағы айырманы ғана төлейді.

12. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ.

- 12.1. Сақтандыру Шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:
- 12.1.1. қолданылу мерзімінің өтуі;
- 12.1.2. мерзімінен бұрын тоқтауы;
- 12.1.3. сақтандыру жағдайының басталуы.
- 12.2. Сақтандыру Шартының қолданылуы Пайда алушының жазбаша келісімімен мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 12.2.1. сақтандыру объектісі тоқтатылған жағдайда;
- 12.2.2. Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушының оны алмастыру болмаған кезде қайтыс болуы (ҚР АҚ 815-бабының 8-тармағы);
- 12.2.3. сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайларда тоқтаған кезде;
- 12.2.4. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- 12.2.5. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;
- 12.2.6. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша;
- 12.2.7. толық сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде;
- 12.2.8. Сақтанушы сақтандыру Шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлемеген жағдайда Сақтандырушының қалауы бойынша;
- 12.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда сақтандыру Шарты сақтандыру Шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі.

12.3. Сақтандыру Шарты оның қолданылу мерзімінің аяқталуы ретінде анықталған күнгі сағат 24.00-де тоқтатылады.

12.4. Сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлар туындағаннан кейін мүдделі Тарап (Сақтанушы немесе Сақтандырушы) сақтандыру Шарты туралы мәліметтерді, бұзу негіздерін көрсете отырып және растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, екінші Тараптың атына мерзімінен бұрын тоқтату туралы хат жібереді.

12.5. 12.2.1-12.2.6-тармақшаларда көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтару сомасын келесі формула бойынша есептейді:

СС (төленген сақтандыру сыйақысы) – СС (ұсталған сақтандыру сыйақысы) – Іс жүргізуге арналған шығындар – Сақтандыру төлемдерінің сомасы

Сақтандырушының іс жүргізуге кеткен шығындарының мөлшері сақтандыру Шартының бұзылуына байланысты қайтарылуға жататын сақтандыру сыйақысының бір бөлігінің 50 %-ын құрайды.

Ұсталған сақтандыру сыйақысын Сақтандырушы сақтандыру Шартының қолданылу мерзіміне тікелей пропорционалды түрде күндермен (басталу күнінен бастап тоқтатылған күнге дейін) есептейді. Бұл ретте Сақтанушының жазбаша өтінішінің келіп түскен күн сақтандыру Шартының тоқтатылған күні болып табылады.

12.6. Егер бұзу Сақтанушының сақтандыру Шартының талаптарын орындамауына/тиісінше орындамауына байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтармайды.

13. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.

13.1. Сақтандыру шартынан туындайтын Сақтандырушы мен Сақтанушы немесе Пайда алушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде сот тәртібінде шешіледі.

13.2. Сақтандыру Шартынан туындайтын талаптар (шағымдар) Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың жалпы мерзімдері шегінде қойылуы мүмкін.

13.3. Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсысының қосымша сараптама жүргізуді талап етуге құқығы бар, ол оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

14. ҚОСЫМША ШАРТТАР.

14.1. Тараптардың келісімі бойынша осы Ережелерге сәйкес құрылатын сақтандыру Шартына осы сақтандыру Ережелерінде қамтылмаған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар (сақтандыру ескертпелері, ұйғарымдар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.

14.2. Сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде телнұсқасын береді.

14.3. Сақтандыру Шартының, ол жоғалған жағдайда, телнұсқасын рәсімдеу кезінде Сақтандырушының іс жүргізуге кеткен шығындарын Сақтанушы (Сақтандырылушы) өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

14.4. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз сақтандыру Шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін бере алмайды.

14.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шарттары және сақтандыру Шартына сәйкес Тараптардың алған өзге де ақпараты құпия және жария етуге жатпайды.

14.6. Тараптар сақтандыру Шарты бойынша міндеттемелерді толық немесе жартылай орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер олар алдын ала болжауға, алдын алуға болмайтын және Тараптардың ешқайсысы әсер ете алмаған сақтандыру Шарты құрылғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының салдары болып табылса. Тараптардың абайсыздығынан немесе қасақана әрекеттерінен туындаған кез келген оқиғалар форс-мажорлық мән-жайлар болып табылмайды.

14.7. Форс-мажорлық мән-жайлардың әрекетін сезінетін Тарап мұндай мән-жайлардың басталғаны туралы дереу хабарлауға міндетті. Форс-мажорлық мән-жайлардың әрекеті құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.